

2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 2 ақпандағы № 70 қаулысы.
Жамбыл облысы Байзақ ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 ақпанда 88 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы негізінде, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін аудан аумағындағы мекемелердің тізбесі № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. 2009 жылға арналған қоғамдық жұмыс түрлері мен көлемі, нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс № 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. "Байзақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Б. Абдрахманова), ауылдық округтердің әкімдері азаматтарды қоғамдық жұмысқа тартқан кезеңде нысаналы топтарға жататын жұмыссыз азаматтарды ескерсін.

4. Қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтардың еңбек ақысы "2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Заңымен белгіленген ең төменгі жалақы көлемінің 1,5 еселенген мөлшерінде белгіленсін.

5. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандағы уәкілетті орган - "Байзақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмыс берушімен қоғамдық жұмыстарды орындауға үлгілік шарт жасассын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Садубаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап заңды күшіне енеді және бұқаралық ақпарат құралдарында алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан Әкімі

Б. Құлекеев

Б а й з а қ

а у д а н ы

Ә к і м д і г і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2

а қ п а н д а ғ ы

№ 70 қаулысына № 1-қосымша

2009 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін аудан аумағындағы мекемелердің ТІЗБЕСІ

1. "Ботамойнақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
2. "Бурыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
3. "Диқан ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
4. "Жалғызтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
5. "Жанатұрмыс ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
6. "Көктал ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
7. "Көптерек ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
8. "Қостөбе ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
9. "Қызыл жұлдыз ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
10. "Мырзатай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
11. "Сазтерек ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
12. "Сарыкемер ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
13. "Суханбаев ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
14. "Темірбек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
15. "Түймекент ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
16. "Ынтымақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
17. "Үлгілі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
18. "Байзақжылукоммуналсервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Б а й з а қ

а у д а н ы

Ә к і м д і г і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2

а қ п а н д а ғ ы

№ 70 қаулысына № 2-қосымша

2009 жылға арналған қоғамдық жұмыс түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс

№	Жұмыс түрлері	Нақты жұмыс түрлері	Көлемі
1	Аудан аумағын экологиялық сауықтыру (көріктендіру көгеріштендіру және тазалық жұмыстары)	1. Арық тазалау 2. Күл-коқыс шығару 3. Жол құрлысы және жөндеу 4. Гүл егу жұмыстары және гүлзарларды күту 5. Тал егу 6. Күзету, суару, күту, және ретке келтіру	1 2 2 км 1399 тн 19 км 2120 м2 3 7 1 5 0 түп 58,2 га

		7. Тал түбін әктеу 8. Бағана сырлау, әктеу 9. Насихат тақталарын жаңалау, сырлау, жазу 10. Басқа да жұмыстар	26275 3057 348 м2	дана дана
2	"Жасыл ел" бағдарламасы және ауыл әкімдерінің ұйымдастыруымен егілген талдардың сақталуын қамтамасыз ету	Күзету, суғару, күту және ретке келтіру	137 га	
3	Республикалық және аймақтық науқандар өткізу шараларына қатысу	1. Сауалнама жүргізу 2. Сайлау, санақ жұмыстарына жәрдемдесу 3. Басқа да жұмыстар	Қажеттілігіне сәйкес	
4	Бюджеттік мекемелерді қысқа мерзімге дайындауға қатысу, соғыс ардагерлерімен мүгедектерге, жалғызбасты қарттарға жәрдемдесу	1. Ағымды жөндеу 2. Отын дайындау 3. Аулаларды ретке келтіру	Қажеттілігіне сәйкес	
5	Барлығы			

кестенің жалғасы

Қаржы көздері	Еңбекақы мөлшері (адам басына)	Сұраныс	Ұсыныс
Жергілікті бюджет	"2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Заңымен белгіленген ең төменгі жалақы көлемінің 1,5 еселенген мөлшерінде	110	110
Жергілікті бюджет	"2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Заңымен белгіленген ең төменгі жалақы көлемінің 1,5 еселенген мөлшерінде	20	20
Жергілікті бюджет	"2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Заңымен белгіленген ең төменгі жалақы көлемінің 1,5 еселенген мөлшерінде	5	55
Жергілікті бюджет	"2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Заңымен белгіленген ең төменгі жалақы көлемінің 1,5 еселенген мөлшерінде	15	15
Барлығы		150	150